

## "Досыңды әкел" науқанының ережесі

### 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Науқанның ұйымдастырушысы - Банк.
2. Науқан қатысушылары:
  - 3.1. Карта ұстаушылары - Науқан барысында Банк Картасын шығару үшін жаңа жеке тұлғаны әкелетін "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі - Банк) қолданыстағы төлем картасы (бұдан әрі - Карта) бар жеке тұлға. Науқанға корпоративтік, бизнес және қосымша карталар қатыспайды.
  - 3.2. Реферал – Карта ұстаушысы Банктің <https://eubank.kz> (бұдан әрі – Сайт) корпоративтік сайты немесе Smartbank (бұдан әрі - Smartbank) арқылы Карта ұстаушы промокодын пайдаланып, PIN орнатқан және Науқан кезінде шотын 1000 теңгеден жоғары сомаға толықтырып, өз атына негізгі Картаны шығарып, Банкке әкелген жеке тұлғасы.
  - 3.3. Науқанға Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғалар қатыспайды.
3. Науқан кезеңі: 2022 жылғы 3 қарашадан 2023 жылғы 31 қаңтар.

### 2 тарау. Науқан шарттары

4. Промокод – Карта ұстаушысының Smartbank немесе Карта ұстаушы клиенттің телефон нөмірінде көрсетілетін Client ID бірегей нөмірі (бұдан әрі - Промокод).
5. Карта ұстаушы өзінің Промокодын Рефералдарға бірнеше рет хабарлауы мүмкін.
6. Реферал Картаға Сайтта немесе Smartbank қосымшасында тапсырыс берген кезде Карта ұстаушыдан алған Промокодты енгізуі керек. Содан кейін карта шығару процесі Банктің әрекеттегі процесіне сәйкес жүзеге асырылады.
7. Карта шығарылғаннан кейін Реферал Науқан бонустарын алу үшін PIN-ді орнатып, карточкалық шотын 1000 теңгеден астам сомаға толықтыруы тиіс.
8. Карта шығару үшін Рефералды әкелген, нәтижесінде Реферал карта ашып, PIN орнатқан және 1000 теңгеден астам сомаға карта шотын толықтырған Карта ұстаушысы әр жаңа Реферал үшін 1500 бонус мөлшерінде сыйақы алады.
9. Реферал өз атына бірінші картаны шығарғаны үшін, PIN орнатқаны үшін және 1000 теңгеден астам сомаға карточкалық шотты толықтырғаны үшін 1500 бонус мөлшерінде сыйақы алады.
10. Бір Карта ұстаушысы айына ең көбі 100 000 бонус сомада Реферал тартқаны үшін бонустар есептеледі.
11. Бонустар Рефералдардың тарапынан Науқан шарттарын орындау нәтижелері бойынша ғана күнтізбелік бір айда, біржолғы тәртіпте есептелініп төленеді. Бонустарға есептелетін сома Карта ұстаушысының/Рефералдың бонустық шотына күнтізбелік ай аяқталғаннан кейін, 10 жұмыс күні ішінде төленеді.
12. Науқан бонустарын есептеген кезде Науқан жүргізу кезінде ашылып, іске қосылған төлем карталары ғана қатысады. Науқанға қолданылу мерзімі өткен, бұғатталған және жабық карталар қатыспайды.
13. Карта іске қосылғаннан кейін Реферал басқа Рефералдарды карта шығаруға тартуға құқылы Карта ұстаушысы атанып, бонус түрінде сыйақы алады.

### **3 тарау. Науқан ұйымдастырушысы мен Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері**

#### **14. Қатысушының құқығы:**

- көпшілік ресурстардан Науқан шарттары мен мерзімдері туралы ақпарат алу;
- Науқан Ұйымдастырушысы туралы мәлімет алу;

#### **15. Қатысушының міндеттері:**

- осы Ережені сақтауға, с.і. Науқанға қатысуға байланысты барлық әрекеттерді орындау;
- ҚР қолданыстағы Заңнамасы мен осы Ережеде көзделген өзге міндеттемелерді көтеру.

#### **16. Ұйымдастырушының құқығы:**

- Науқан жүргізу кезеңі бойы осы Ережеге өзгертулер енгізу. Бұл ретте осы Ереженің кез келген өзгерістері туралы ақпарат банктің eubank.kz. сайтында орналастырылады;
- осы Ережеде көзделген жағдайлардан басқа, Науқан Қатысушыларымен жазбаша келіссөздер жүргізуге немесе кез келген байланысқа түсуге болмайды;
- егер Қатысушының осы Ережелерді сақтамау немесе бұзу фактілері анықталған жағдайда Науқан Қатысушысына бонустарды есептеуден бас тарту.

#### **17. Ұйымдастырушының міндеттері:**

- осы Ережені сақтауға, с.і. осы Ереже арқылы белгіленген мерзімде Науқан өткізуге байланысты барлық іс-әрекеттерді орындау;
- Науқанды осы Ережеге сәйкес жүргізуді қамтамасыз ету;
- Науқан Қатысушыларына Науқан Ережелерін банктің eubank.kz. сайтында орналастыру арқылы оның Ережелері туралы хабардар ету.

### **4 тарау. Қорытынды**

18. Осы Науқан Ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.

19. Науқанға қатысу фактісі Қатысушының Науқанның осы шарттарымен толық келісетінін растайды.

20. Банк Науқанды кез келген уақытта тоқтатуға немесе Науқан Қатысушыларына алдын ала ескертпестен, оған өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу құқығын өзіне қалдырады. Осы Науқанға байланысты мәселелер бойынша Банк қабылдаған барлық шешімдер түпкілікті болып табылады және Науқан Қатысушылары шағымдана алмайды.

21. Банк кез келген уақытта алдын ала ескертусіз және себептерін түсіндірместен осы Ережелерді бұзған тұлғалардың Науқанға қатысуын бұғаттау құқығын өзіне қалдырады, соның ішінде:

- Банк пен Науқан Қатысушылары үшін жағымсыз салдарлар тудыратын немесе келтіруі мүмкін алаяқтық, алдау немесе басқа айла әрекеті ретінде бағаланатын әрекеттерді жасаған кезде;
- Банкке, Науқан Қатысушыларына қатысты қорлайтын пікірлер мен мәлімдемелер қалдыру, Науқан және Банк туралы шындыққа жанаспайтын ақпаратты таратқан жағдайда.

22. Науқанды ұйымдастыруға байланысты шағымдар [probank@eubank.kz](mailto:probank@eubank.kz) мекенжайына жіберілуі мүмкін.

23. Банк кез келген уақытта Науқаннан бас тартуға немесе ұзартуға, сондай-ақ осы ережелерді өз қалауынша өзгертуге құқылы. Банк қатысушыларды Науқан шарттарындағы өзгерістер туралы eubank.kz сайтында уақтылы хабарлайды.